

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№75 (240), мамыр, 2026 ж.

Академиялық ұтқырлық аясында қытайлық студенттер оқуға келді



Көне өнердің көкжиегін кеңейткен ұстаз



Жастар таңдаған 10 кітап



«Бір белдеу - бір жол»: «China Center» халықаралық ынтымақтастық орталығы ашылды

Auezov University қабырғасында «Бір белдеу - бір жол» бизнес-орта қызметтерін дамыту жөніндегі Қытай орталығы ашылды. Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру, ғылым, сараптамалық және іскерлік ынтымақтастықты дамытуға бағытталған орталықтың ашылуына Қытай Халық Республикасындағы Солтүстік-Батыс саяси ғылымдар және құқық университетінің ғалымдары (Northwest University of Political Science and Law) өңірдегі «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ өкілдері, бизнес қауымдастық мүшелері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы қатысты.



-Әуезов университетінің базасында ашылған Қытай орталығының ашылуын біз халықаралық академиялық ынтымақтасты нығайтудың жаңа кезеңі ретінде ғана емес, Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы кәсіпкерлік байланыстарды, іскерлік ортаны және экономикалық ықпалдастықты дамытуға бағытталған маңызды стратегиялық алаң ретінде бағалаймыз. Бүгінде Шымкент қаласында 100-ден аса қытайлық компания жұмыс істейді екен. Әрбір мемлекеттің өзіндік құқықтық және заңнамалық ерекшеліктері бар екені белгілі.



Осыған байланысты университеттің «Заң» факультетінің мамандары орталық аясында екі елдің кәсіпкерлеріне тікелей құқықтық кеңес беріп, жан-жақты қолдау көрсетеді және құқықтық сүйемелдеу жұмыстары ғылыми негізде жүргізіледі, - деп атап өтті тараптар кездесуінде Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед Заки.

Жалғасы 3-бетте.

«Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік»

19-20 мамыр күндері елордада «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Іс-шараға әлемнің 23 елінен 300-ден астам жетекші ғалымдар, сарапшылар мен мамандар қатысты.

Симпозиум Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың төрағалығымен, ЮНЕСКО-ның қолдауымен және халықаралық әрі мемлекеттік деңгейдегі беделді тұлғалардың қатысуымен өтті. Халықаралық ғылыми симпозиумы барысында Алтын Орданың тарихы, археологиялық мұралары, мәдениеті мен түркі халықтарының өркениетіндегі орны кеңінен талқыланды. Ғалымдар тарихи деректер мен жаңа зерттеулерге сүйене отырып, Алтын Орданың мемлекет қалыптастырудағы рөлі, дала дипломатиясы, сауда байланыстары және рухани-мәдени ықпалы жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар, тарихи мұраны сақтау, зерттеу және оны халықаралық деңгейде насихаттау мәселелері қаралды.

ПІКІРЛЕР

«Тарихымызға — терең көзқарас, болашағымызға — берік негіз!»

Астанада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Алтын Орда — дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиум өтті. Әлемнің 20-дан астам елінен келген ғалымдар мен сарапшылар бір төбенің басына жиналып отыр — бұл өзі үлкен тарихи оқиға!

Мемлекет басшысы атап өткендей, Алтын Орда жылнамасы — тек қазақтың емес, бүкіл адамзатқа ортақ мұра. Біздің ата-бабаларымыз күшті институттар мен құқық тәртібіне сүйенген, Дала заңы мен ислам құқығын үйлестіре білген, тұрақты ақша және салық жүйесін орнатқан, сауда жолдарын дамытқан өркениетті мемлекет құрғанын білу — әрбір қазақстандық үшін мақтанш.

Президенттің «тарихтан тартыс құралын жасауға болмайды» деген сөзі — бүгінгі күннің ең маңызды үндеуі. Ұлы дала тарихын объективті, ғылыми тұрғыда зерттеу — ұрпақтың бойындағы ұлттық бірегейлікті нығайтудың кепілі. ЮНЕСКО-мен тығыз ынтымақтастық, халықаралық экспедициялар, симпозиумды тұрақты түрде өткізу — мұның бәрі тарихымызды әлемге танытудың нақты қадамдары.

Мемлекет басшысының бұл бастамасын толық қолдаймын! Алтын Орда мұрасы — біздің рухани тірегіміз, ұрпаққа қалдырар асыл аманатымыз.

Қ.Т.БИТЕМИРОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
профессоры, академик



Мемлекет басшысының бастамасы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен серпін береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзі халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған маңызды ойларымен ерекшеленді. Президент өз сөзінде Алтын Орда мұрасы тек өткен тарихтың бір бөлшегі емес, қазіргі қазақ мемлекеттілігінің тарихи-рухани негіздерінің бірі екенін айрықша атап өтті. Бұл – ұлттық тарихқа тереңірек үңіліп, тарихи сабақтастықты жаңаша бағалауға үндейтін маңызды ұстаным.

Мемлекет басшысының бұл бастамасы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттыруға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға үлкен серпін береді. Себебі Алтын Орда дәуірі – ұлан-ғайыр дала кеңістігінде саяси тұрақтылық орнатып, сауда-саттықты, мәдениетті, ғылым мен дипломатиялық байланысты дамытқан тарихи кезең. Осы мұраны терең тану – өткенімізді құрметтеп қана қоймай, болашаққа сенімді көзқарас қалыптастырудың маңызды негізі.

Сонымен қатар, Президенттің археология мен ғылым саласына

ерекше мән беруі – тарихи мұраны жүйелі түрде зерттеудің маңызын көрсетеді. Өткенді ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы біз ұлттық болмысымызды терең түсініп, мәдени тамырымызды тануға мүмкіндік аламыз. Сондықтан бұл халықаралық симпозиумды тек ғылыми басқосу ғана емес, түркі әлемінің ортақ тарихи-мәдени мұрасын халықаралық деңгейде насихаттайтын маңызды алаң ретінде бағалауға болады.

С.Қ.БЕЙСЕНБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Алтын Орда – ұлт тарихының ұлы мұрасы

М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Сәулет, құрылыс және көлік» факультеті ұжымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда айтылған алғаш рет Алтын ордаға қатысты бірегей мұрағат құжаттары жұртшылыққа ұсынылғанын талдап, өз пікірлерін айтты. Ауқымды шараға әлемнің 20-дан астам елінен белгілі тарихшылар, архео-

логтар мен шығыстанушылар қатысқанын және жиында Президент Алтын орда тарихының өзектілігіне баса назар аударғанына талдау жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды ұсынғанын, сонымен қатар Алтын Орда мәселесін зерделеп жүрген шетел мамандарын жұмылдырып, баспа саласына қатысты іргелі бастамаларды қолға алу қажеттігін ерекше атап өткендігін айтты.

Әділдік, ашықтық және мәдениеттер диалогы – Дала өркениетіне арқау болған құндылықтар. Осы мемлекеттілік дәстүрін жан-жақты зерттеу бүкіл Орталық Еуразияның ұзақ мерзімді дамуына ықпал етері сөзсіз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ата-бабадан қалған мол мұраны қазіргі заманның құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру маңыздылығына баса назар аудару қажеттілігін айтты.

З.М.КЕРИМБЕКОВА,
«Сәулет, құрылыс және көлік» факультетінің
Тәрбие жұмыстары жөніндегі декан орынбасары, т.ғ.к. доцент

«Бір белдеу – бір жол»: «China Center» халықаралық ынтымақтастық орталығы ашылды



Жалғасы. Басы 1-бетте

Солтүстік-Батыс саяси ғылымдар және құқық университетінің профессоры Ван Иң Иң China Center ұзақ мерзімді халықаралық алаң ретінде қарастырылып, алдағы уақытта Орталық Азиядағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының жетекші өңірлік орталықтарының біріне айналуы көзделіп отырғанын жеткізді.

Атап өтейік, орталық қызметі аясында қазақстандық және қытайлық компанияларға консультациялық қызмет көрсетумен қатар,



бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастыру, халықаралық форумдар, сараптамалық кездесулер мен білім беру бағдарламаларын өткізу, академиялық ұтқырлықты дамыту және кадрларды бірлесіп даярлау бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, жоба бауырластық байланыс орнатқан Қазақстанның үшінші мегаполисі – Шымкент қаласы мен Сиань қаласы арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға, гуманитарлық, ғылыми-білім беру және экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге жаңа мүмкіндік береді.



Француз тілі оқытушыларына арналған халықаралық жазғы мектеп басталды



Университетімізде Орталық Азия елдерінің француз тілі оқытушыларына арналған Халықаралық жазғы мектептің салтанатты ашылуы өтті. Жоба Пуатье университеті және Франция Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылып, халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайтуға және мәдениетаралық байланысты дамытуға бағытталған. Ашылу салтанатында

ректор Дархан Ахмед-Заки Францияның жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамыту университеттің халықаралық стратегиясындағы маңызды бағыт екенін атап өтті. 25 мамыр – 2 маусым аралығында өтетін бағдарлама аясында француз тілін оқыту әдістемесі, тіл дидактикасы және практикалық

сабақтар, сондай-ақ Шымкент қаласы бойынша экскурсиялар қамтылған.

Іс-шара барысында Пуатье университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



«Ел қорғаны – ерлер, Жеңіс жолы – ұрпаққа өнеге»



Ерлік пен елдік ұлықталған күн! 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған рухы асқақ мерекелік салтанатты іс-шара өтті.

Іс-шара Мемлекеттік Тудың ортаға шығарылып, Әнұранның шырқалуымен басталды.

Мерекелік шара барысында университеттің Басқарма Төрағасы-ректоры Дархан Ахмед-Заки құттықтау сөз сөйлеп, бұл қос мерекенің халқымыз үшін тарихи әрі тағылымдық мәні зор екенін атап өтті. Ол өз сөзінде

баһадүр бабалардың батырлығы мен қайсар рухы – бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге екенін айтып, университет ұжымын Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады. Іс-шара барысында университеттің бірқатар қызметкерлері адал еңбегі мен кәсіби жетістіктері үшін марапат төрінен көрінді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің Алғыс хаттары табысталып, әскери кафедра бастығы, полковник Жақып Кенжебаев «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар, әскери кафедраның бірқатар қызметкерлеріне жастардың бойында отансүйгіштік рухты қалыптастыру жолындағы еңбектері үшін университет ректорының Алғыс хаттары табысталды.



Аналарға құрмет көрсетілген ерекше күн



Ананы құрметтеу – әр адамның парызы. Өйткені ана – тіршіліктің бастауы, мейірім мен махаббаттың мәңгілік шамшырағы. Осы құндылықтарды дәріптеу мақсатында Әуезов университетінде Қазақстанның Аналар күніне арналған «Аналар жүрегінің нұры» атты ерекше мерекелік іс-шара өтті.

Кеш шымылдығын «Қаракөз» ансамблі ашып, «Қыз ғұмыры» биі арқылы ананың нәзіктігі мен даналығын, қыз баланың өмір жолын әсем қимылмен бейнеледі.

Мерекелік кештің сәнін келтірген «Раздолье» ансамблінің әсем әндері мен Strong Dance Kids би тобының жарқын билері көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ана туралы тебіреніске толы әндер шырқалып, көрермендер ерекше әсерге бөленді.

Іс-шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – «Мәдени және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының аға оқытушысы Татьяна Тарасенконың өмірден озған анасына арнап жазған «Свет материнской души» кітабының тұсаукесері болды. Бұл еңбек – тек автордың анасына деген сағынышы ғана емес, барша аналарға тағзым, аналық мейірімге қойылған рухани ескерткіш іспетті.

Кеш соңы әсерлі концерттік бағдарламаға ұласып, көрермендерге ұмытылмас сезім сыйлады.



Әскери кафедрада салтанатты ант қабылдау рәсімі өтті



Барлығы 700-ге жуық Әскери кафедра студенті ел мүддесін қорғауға және әскери борышына өмір бойы адал болуға салтанатты түрде ант берді.

Салтанатты шара белгіленген әскери дәстүрлерге сай жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жеке құрам сап түзеп, Мемлекеттік Ту салтанатты түрде ор-

таға шығарылғаннан кейін Мемлекеттік Әнұран орындалды.

Әскери кафедра бастығы, полковник Жакып Кенжебаевтың бұйрығымен ант қабылдау рәсімі басталып, әрбір түлек Отан алдында адал қызмет етуге серт берді.

Университеттің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Бейсенбаев түлектерді құттықтап, Отанға қызмет ету – әр азаматтың ең мәртебелі міндеті екенін атап өтті.

Ал Ауған соғысының ардагері, запастағы подполковник Кидирали Раимбердиев жастарға ақ жол тілеп, антқа адал болудың маңы-

здылығын ерекше жеткізді. Оқу барысында үздік нәтиже көрсеткен бірақтар түлек алғыс хаттармен марапатталып, еңбегі бағаланды. Ал ата-аналар болса, балаларының үлкен өмірге сенімді қадам басуына жол

ашқан оқу орнына шынайы ризашылықтарын білдірді. Салтанат соңында Мемлекеттік Ту алаңнан шығарылып, сап түзеген жеке құрам трибуна алдынан айбынды маршпен өтті.



Су жүйелерін зерттеу жобасы қаржыландырылуға ұсынылды



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан АР23487663 «Наноқұрылымды суды кешенді зерттеу: су жүйе-

лерінің жылулық, электрлік және құрылымдық сипаттамалары» ғылыми жобасы ҰМҒТСО тарапынан кезекті мониторингтен өтіп, оң бағаланды және әрі қарай іске асыруға әрі қаржыландыруға ұсынылды.

Зерттеу жұмыстары У.Бестереков атындағы «EcoGreenLab» ғылыми-зерттеу зертханасында жүргізілуде. Жоба аясында су жүйелерінің құрылымдық, электрлік, спектрлік және физика-химиялық қасиеттері, соның ішінде полимерлі және оксидті беттерде межфазалық судың түзілу ерекшеліктері зерттелуде.

Болашаққа бағытталған ынтымақтастық меморандум

«Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізудің мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облыстық филиалымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Аталған меморандум аясында білім беру сапасын арттыру, өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесіп жүргізу және болашақ мамандарды кәсіби даярлау бағыттарында өзара ынтымақтастықты дамыту мәселелері қарастырылды. Бұл бастама студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, білікті маман болып қалыптасуына зор мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Білімнен – басшылыққа» тақырыбында университеттің бітіруші түлектерінің қатысуымен

дөңгелек үстел өтті. Іс-шара барысында түрлі салада табысты еңбек етіп жүрген түлектер студенттермен кездесіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.



Ғылымды дамытуға бағытталған маңызды меморандумға қол қойылды



Университетімізде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дәрілік өсімдіктерді зерттеу» орталығы өкілдерімен ресми кездесу өтті. Іс-шараға «Дәрілік өсімдіктерді зерттеу» орталығының директоры, PhD докторы, профессор Жанар Жеңіс, фитотерапевт ғалым Тәттібек Жарқынбеков, «БАС тауфарм» ЖШС директоры Әбдірахым Жұмабеков, сондай-ақ универ-

ситеттің ғылыми-зерттеу орталықтарының басшылары мен ғалымдары қатысты.

Кездесу барысында фитохимия, фитотерапия, дәрілік өсімдіктерді ғылыми зерттеу, биотехнология және агроинновация салаларындағы өзара ықпалдастық мәселелері кеңінен талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ғылым мен білім саласындағы серіктестікті дамытуға

бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум аясында бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, ғылыми тағылымдамалар ұйымдастыру, тәжірибе алмасу, жас ғалымдарды қолдау және дәрілік өсімдіктерді зерттеу бағытындағы инновациялық жұмыстарды дамыту көзделіп отыр.

Өңірлік экологиялық саммит: Су саласын климаттың өзгеруіне бейімдеу

2026 жылғы 22–24 сәуір күндері Астана қаласында өңірлік экологиялық саммит өтті. Аталған маңызды іс-шара аясында «Климаттың өзгеруі жағдайында Орталық Азияда су ресурстарын тиімді пайдалану: су үнемдеу, басқаруды цифрландыру және практикалық шешімдерді масштабтау» тақырыбында панельдік сессия ұйымдастырылды. Сессияны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Германияның халықаралық ынтымақтастық қоғамымен (GIZ) бірлесіп өткізді.



Ікірталасқа Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерінің су шаруашылығы саласының басшылары мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар, даму бағдарламалары және қаржы институттарының өкілдері қатысты. Швейцария Үкіметінің «Blue Peace Central Asia» бастамасының қолдауымен құрылған «Су, санитария және гигиена бойынша практик-зерттеушілер қауымдастығы» (CoP4WASH) мүшесі ретінде бұл жиынға мен де қатыстым.

Сессия барысында қатысушылар климаттың өзгеруі жағдайында су ресурстарын тиімді басқару бағытында жүзеге асырылып жатқан

шаралармен бөлісіп, өңірдегі су пайдалану тиімділігін арттыруға арналған үздік тәжірибелер мен заманауи құралдарды талқылады. Атап айтқанда, су бөлуді автоматтандыру, суару жүйелерін басқару, су үнемдеу технологияларын енгізу және «ақылды суару» жүйелерін дамыту мәселелері кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар, 2026–2027 жылдарға арналған бағам бағыттар, пилоттық жобаларды іске асыру мүмкіндіктері және халықаралық серіктестер тарапынан ұсынылатын қолдау тетіктері сөз болды.

Қазіргі таңда су ресурстарын басқару және оларды тиімді пайдалану мәселесі ерекше өзек-

тілікке ие. Бұл бағыттағы жұмыстар суды есепке алу мен өлшеу жүйелерін жетілдіруді, суару режимдерін ғылыми негізде жоспарлауды, Жерді қашықтан зондау деректерін және цифрлық мониторинг құралдарын кеңінен қолдануды талап етеді.

Саммит аясында «Климат әсерін ескере отырып су ресурстарын басқару» тақырыбында арнайы сессия өтті. Бұл алаңда климаттың құбылмалылығының артуы, су

рын енгізу және салааралық өзара іс-қимылды күшейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жиында сөз сөйлеген Су ресурстары және ирригация министрлігінің басқарма басшысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің түлегі Ляззат Зиябекова Қазақстанда су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, 2025 жылы қабылданған жаңа Су кодексі су ресурстарын басқарудың заманауи құрылымын қалыптастырып, бассейндік қағидатқа көшуге негіз қалады.

Айта кету керек, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде су шаруашылығы саласы бойынша білікті мамандар даярлау жүйелі түрде жүзеге асырылуда. «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасында бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға сапалы білім беріліп қана қоймай, ғылыми-зерттеу жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Университет еліміз үшін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын жетекші оқу орындарының бірі болып табылады.



тапшылығының күшеюі секілді негізгі сын-қатерлер талқыланып, саяси келісімдерден нақты іске асыру кезеңіне көшу қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ институционалдық тетіктерді дамыту, су саласын цифрландыру, су үнемдеу технологияла-

П.С. Султанбекова
«Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының доценті, т.ғ.к.



Академиялық ұтқырлық аясында қытайлық студенттер оқуға келді

Қазіргі жаһандану дәуірінде академиялық ұтқырлық — білім мен мәдениетті тоғыстыратын алтын көпірге айналды. Әлемнің әр түкпірінен келген студенттердің тәжірибе алмасуы тек кәсіби білімді жетілдіріп қана қоймай, елдер арасындағы рухани байланысты нығайтуға жол ашады. Осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында университетімізге Қытай Халық Республикасынан бір топ студент келіп, білім мен мәдениет алмасудың жаңа кезеңіне қадам басты.

Аuezov University академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Қытай Халық Республикасындағы Yili Normal University жоғары оқу орнынан келген студенттерді салтанатты түрде қарсы алды. Шетелдік білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамын университет ұжымы ерекше ықыласпен қарсы алып, достық пен ынтымақтастықтың жарқын үлгісін көрсетті.

Бағдарлама аясында 22 студент университеттің «Филология» факультетінде білім алатын болады. Бұл — қос ел арасындағы білім және ғылым саласындағы әріптестіктің нығайып келе жатқанын айғақтайтын маңызды қадамдардың бірі.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту – Әуезов университетінің интернационалдандыру саясатының негізгі басым бағыттарының

бірі. Бүгінде университет шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыстарын жүйелі түрде кеңейтіп, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын, бірлескен білім беру жобаларын және ғылыми-зерттеу бастамаларын табысты жүзеге асырып келеді.

Қытайлық студенттердің келуі – Қазақстан мен Қытай арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың нығайуына ықпал ететін маңызды қадамдардың бірі. Мұндай халықаралық бағдарламалар студенттердің кәсіби және мәдени тәжірибе алмасуына, жаһандық білім беру кеңістігіне бейімделуіне мүмкіндік береді.

Шетелдік білім алушылардың сапалы білім алып, жаңа ортаға тез бейімделуі үшін университет тарапынан барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Қытайлық білім алушылардың университеттегі алғашқы күні әсерлі кездесуден басталды. Университет басшылығы мен оқытушылар қауымы шетелдік студенттерге жылы лебіз біл-



діріп, білім ордасының оқу үдерісі, академиялық мүмкіндіктері және студенттік өмірі жайында кеңінен таныстырды.

Сонымен қатар студенттерге университет кампусы, оқу ғимараттары, кітапхана мен инфрақұрылым нысандары бойынша арнайы экскурсия жүргізілді. Заманауи білім беру кеңістігімен танысқан шетелдік жастар оқу мен шығармашылыққа қолайлы ортаға жоғары бағасын берді.

Университет тарапынан шетелдік білім алушылардың сапалы білім алып, жаңа

ортаға тез бейімделуі үшін барлық қажетті жағдай қарастырылған. Бұл өз кезегінде халықаралық студенттердің алаңсыз білім алуына және жаңа ортаға еркін сіңісуіне мүмкіндік береді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы — білім мен ғылымды ғана емес, халықтар арасындағы достықты да нығайтатын маңызды бастама. Осындай халықаралық жобалар арқылы университеттің әлемдік білім кеңістігіндегі беделі артып, студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер көкжиегі кеңейе түсуде.



Елеусіз қалған ерліктер



Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне 81 жыл толды. Бұл соғысты қазіргі жас буын жақсы білмейді, бұл — ащы шындық. Сондықтан жастарға және келер ұрпаққа батыр аталарымыз бен апаларымыздың жандарын қиған өлшеусіз, елеусіз қалған өшпес мәңгілік ерліктері мен батырлықтарын дәріптеу, Ұлы Жеңістің қаншалықты қымбатқа түскенін және маңыздылығын жеткізіп, санасына сіңіру — біздің қасиетті борышымыз әрі міндетіміз.

атағына ие болды. Бұл атаққа басқа да апаларымыз көрсеткен ерлігі үшін соғыс кезінде ұсынылған. Алайда сол кездегі саясаттың салдарынан олардың ерліктері елеусіз қалды.

Ұлы Отан соғысына Қазақстанның барлық өңірлерінен қыз-келіншектер өз еріктерімен майданға аттанды. Сондай деректердің бірі — соғыс жылдарында тек Алматыдан 1943 жылдың мамырында 185 қыз-келіншек майданға кеткен, оның 73-і қазақ қыздары болған. Осы тұста Орал облысынан бір топ мұғалім әйелдер мен медицина қызметкерлері де майданға аттанды.

Қазақстандық қыз-келіншектердің қатарында штурман, гвардия лейтенанты Хиуаз Доспанова, ұшақ механигі Дәмелі Жәкеева, зенитті артиллерия расчетінің командирі Ақлима Ақжолова, «Қызыл әскер ақиқаты»

атты майдан газетінің қызметкері Рахима Жанбекова, зенитші Ажар Оразғалиева, десантшылар Рәзия Сыздықова мен Қалзия Асанова, барлаушы Жәмилә Сәлімова, гвардиялық атқыштар дивизиясының сержанты Шағыла Құсанова, әуе бақылаушылары Раушан Мазитова, Нұрғайын Хамитова, Бибінұр Тынысбекова, майдан дәрігерлері Мәрия Сырлыбаева, Роза Момынова, Рәпия Мақашева, Мархаба Түкібаева, Гүлөндә Түсіпжанова, майдандық медбикелер Сағындық Шынәлиева, Сара Сартбаева, Әмина Орынбасарова, Қызыл Крест комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалімен марапатталған лейтенант Рәзия Ысқақова, байланысшы Раиса Абдуллина, авиамоторшы Әқима Ақжолова, I және II дәрежелі Даңқ орденінің иегері, зеңбірекші Қалзия Асанова, аспазшы-сержант Шәмшбану Әмірова,

Майдан даласындағы қайсар қазақ қыздары


Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстаннан 5100-ден аса қыз-келіншек майданға аттанды. Қазақстан әйелдерін майданның әр тұсынан, әскери құрамалардың әр түрінен кездестіруге болатын еді. Олар ұшқыш, мерген, пулеметші, танкші, барлаушы, партизан, бай-

ланысшы және медбике сияқты маңызды мамандықтарда қызмет атқарып, теңдессіз ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Жалпы, майдандағы дәрігерлердің 41 пайызын әйелдер құрады.

Қазақстаннан шыққан екі қызымыз — Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова — ең жоғары марапат, яғни Кеңестер Одағының Батыры

радист Шекер Ботаханова, зенитші Қантай Елубаева, барлаушы Рахила Ералина, байланысшы Алтынай Есболотова, әуе механигі, ұлы Абайдың шөбересі Ишағы Жағыпарова, жау ұшақтарының «тамыршысы» аға сержант Роза Шамжанова, Мәскеу қаласындағы Бас поштаның әскери цензурасында Кеңес Армиясындағы түркі тілдес халықтар жауынгерлерінің хаттарын тексеруші (цензор) болған Халима Өзбақанова (соғыстан кейін майдангер, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовқа тұрмысқа шыққан), Сталинградтағы талқандалған трактор зауытын қысқа мерзімде танк жөндеуге қайта жабдықтап, майданға танктер жөнелтуге атсалысқан он бір қазақ қыздарының бірі Жұмакүл Оңғарова секілді көптеген қаһарман қазақ қыздары Отан үшін жанқиярлықпен шайқасты.

ерлік жолдары туралы деректер әдейі жабық ұсталған сияқты. Соған байланысты майдангер төрт қызымыз туралы хабар да тым мардымсыз, там-тұмдап қана сақталған. Бір деректе олар 1944 жылы желтоқсанның басында қаза болды делінеді. Енді бір деректе төртеуі де хабар-ошарсыз кеткен деп көрсетіледі. Қалай болғанда да, олардың толық бір экипаж болып танкпен соғысуы және жасаған ерліктері бүркемеленген бе деген ойға қаласыз. Ұлы Отан соғысында ұлттық республикалар өкілдерінің жанқиярлық ерліктері төмендетілген бе екен?..



мың жарым танк қатысқан шайқасқа қатысып, аман шығуының өзі ерліктің көкесін көрсету емес пе?!

Бұл туралы біз еш уақытта білмейміз. Тек Жамал Байтасованың майданға кетер алдында соғыстағы әкесі Асанға жазған хатында: «Әке, өз міндетімді орындап, жеңіспен үйге оралуға уәде беремін. Қасымдағы үш құрбым да қазақ қыздары. Құшақтап, бетіңнен сүйдім. Қызың Жамал», — деген жолдар ғана қалған.

Қайран қазақтың асыл туған текті қыздары-ай! Қайран батыр апаларым-ай!!!



Төрт қазақ қызының танк экипажы

Соғыс жылдарының шежіресіне назар аударсақ, қазақ қыздарының ерлігі қайран қалдырады. Ұрыс шебінде қазақ тілінде шығарылып тұрған майдандық газеттер парағын ақтарып отырып, небір ерлік шежірелеріне қанығуға болады. Алапат айқас кезіндегі біздің жауынгерлеріміздің теңдесі жоқ ержүректілігі қазақ қыздарының жауапкершілігімен толысып, одан әрі айқындала түседі.

Осынау майдандық газет беттеріндегі жауынгер қыздар ерлігінен елес беретін сұрапыл сәттерге көз жүгіртіп көрелікші. Ұлы Отан соғысы кезінде Т-34 танк экипажы қазақ қыздары болғанын білесіз бе?

Танкші төрт қызымыздың майданда қаза болғанына биыл тура 82 жыл толып отыр екен. Ұлы Отан соғысында қазақтың өрімдей төрт қызынан құралған танк экипажы майдан даласында жаумен шайқасқаны жайлы деректер келтірілген.

Жалпы, қазақтың төрт қызынан құралған танк экипажы, олардың

Кім білсін, көреалмаушылықтың немесе ұлттық республика жауынгерлерінің абыройын асырмау пиғылының салдарынан олардың соғыстағы рөлін төмендету болғаны әбден мүмкін. Талай ерліктің бүркемеленгені жайлы әңгіме де көп.

Соғыс жылдарында майданда соғысқан 800 мыңнан астам әйелдің тек 20-сы ғана бронды-танк әскер сапында болған. Оның 12-сі славян халқының өкілі болса, 4-еуі — қазақ қызы, ал қалған 4-уінің аты жөні аталмайды. Соған қарағанда, олар да қазақ қыздары болуы мүмкін. Славян қыздары 12 болғанымен, танк экипажы бола алмаған. Ал төрт қазақ қызы бір танк экипажын құрады.

«Танкшы қазақ қыздары» мақаласы

Қарағанды облысынан соғысқа аттанып, танк экипажы болған төрт қызымыздың аты-жөндері: экипаж командирі әрі көздеуші, кіші сержант Жамал Байтасова, оқтаушы-атушы Күлкен Тоқбергенова, механик-жүргізуші Күнжәмила

Талқанбаева, радист-пулеметші Жәмила Бейсенбаева. Соғыста оларға Топатай Жүнісов деген қызыләскер жауынгері кезіккен екен. Сол қазақ жігіті танкпен соғысып жүрген төрт қызымыздың аты-жөндерін жазып алып, мақала дайындаған. Сөйтіп мақаласын Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газетіне поштамен жіберген. Мақала газеттің 1944 жылғы 22 тамыздағы санында жарық көрген. Мақалаға «Танкшы қазақ қыздары» деп тақырып қойған.

Танкшылар шабуылға шығып, немістерді қаладан жеңкілте қуды. Литваның сәнді, сәулетті қалаларын жендеттер аяусыз талқандаған екен. Бір кезде Жамалдың танкі жаудың күтпеген жерінен шығып, немістерді баса-жаншып, олардың оқ ататын ұяларының үнін өшірді. Орта бойлы, күлімкөз Күлкен Тоқбергенова жаудың тылына кіріп, танктерге жол ашатын, жаудан «тіл» әкелетін барлаушы болды. Барлау жұмыстарында командованиенің тапсырмаларын батыл орындағаны үшін үш рет марапатталды.

Танкке мініп, жауға шабуыл жасадық. Немістер күтпеген жерден берілген қатты соққыға табан тіреп қарсылық көрсетуге шамасы келген жоқ.

...Қалған құжаттар қызғаныштан құртылып жіберілуі мүмкін. Тек курсты жүргізген лейтенант Осипованың төрт қызымыздың танк экипажы бола алатыны туралы рапорты ғана сақталған. Онда: «Экипаж жедел курсты жақсы меңгерді, танкінің техникалық жағдайын қарап, жөндей алатын дәрежеде. Тактикалық әдіс-нұсқауларды, топографиялық карта бойынша ориентация жасауды өз дәрежесінде біледі. Қашықтықтан және жақыннан ату полигонында да үздіктер қатарында болды», — делінген.

Конструктор Михаил Кошкиннің сол кездегі озық техникасы болып табылатын Т-34 танкін азиялық ұлт өкілі қазақ қыздарының игеруі орыстардың өті жарылып кетуіне себепші болды. Сондықтан да олардың Екінші дүниежүзілік соғыстағы ең үлкен Курск шайқасы кезіндегі Прохоровка түбіндегі екі жақтан

Тарихта қалған тағдырлар

Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери журналист Михаил Левченконың күнделігінен: «Ол кезде мен «Патриот Родины» газетінің қатардағы қызметкері едім. Майданда материал жинап жүріп, бір топ солдаттармен және офицерлермен бірге неміс фашистерінің қоршауында қалып қойдым. Меніңше, бұл Котовице маңында болса керек. Жағдай тым қиын еді. Кенет жауынгерлердің арасынан қаршадай бір қазақ қызы шыға келді де, қорғаныс ұйымдастырып, алға ұмтылды. Гранатамен жаудың бір танкісін отқа орады. Орнынан тұрып, «алға» деп, ілгері ұмтылғанда, тасадан екінші темір тажал шыға келгені ғой. Әлгі қыз ай-күйге қарамастан соған қарсы ұмтылды. Өзі де оқ тиіп мерт болды. Жолдастарына да жол ашты. Бұл осы батальонның командирі Алтыншаш Нұрғожинова (1924-1944) екен. Қаза тапқаннан кейін бұрындары көрсеткен талай ерліктерімен қоса осы жолғы батырлығы үшін әскери кеңестің ұсынысымен, Кеңес Одағының Батыры атағына лайық деп, құжат толтырылып, Мәскеуге жіберілген көрінеді. Бірақ, жоғарғы жақтан қазақтың ержүрек қызына батыр атағы берілмеді.

Адамзаттың баласының тарихында ең қаһарлы, ең қатыгез соғыста Кеңестер Одағы жеңіске жетті. Зұлмат соғыс қаншама адамның өмірін жалмап кетті. Айтайын дегенім бұл соғыста қаншама адамдардың, қаншама боздақтардың өз деңгейіндегі көрсеткен өшпес ерліктері елеусіз қалды. Ал, біз ата, апаларымыздың жасаған қайталанбас ерліктерін мақтан тұтып, келешек ұрпаққа жеткізіп, мәңгілік есте сақтау – біздің басты міндетіміз!..

**Ш.ДИХАНБАЕВ,
«М. Әуезов атындағы ОҚУ»
КЕАҚ
әскери кафедрасының
оқытушысы,
запастағы майор**



Біздің түлек - біздің мақтанышымыз

Университетіміздің әр түлегі – бір тұлға. Біз өз түлектеріміздің жетістігін мақтан тұтамыз. Осы жолғы кейіпкеріміз – белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан халқы Ассамблеясы Республикалық Аналар кеңесінің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Назипа Ыдырысқызы Шанаи.

Назипа Шанаи – Қазақ химия-технологиялық институтының (қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) «инженер-химик-технолог» мамандығы бойынша 1984 жылғы түлегі. Оның өмір жолы – тағдыр тауқыметінен қайсарлықпен өтіп, ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі.

Ашаршылықтан басталған тағдыр

Назипа Ыдырысқызы 1961 жылы 26 желтоқсанда Өзбекстанның Самарқанд облысында дүниеге келген. Ол – 1930-жылдардағы ашаршылық пен қуғын-сүргін салдарынан өзге елге қоныс аударған қазақтардың ұрпағы.

– Ата-бабам Қызылорда өңіріндегі коллективизацияға қарсы көтеріліске қатысқан. Кейбірі атылды, кейбірі түрмеге қамалды. Қуғын-сүргіннен кейін әулетіміз Өзбекстан арқылы Иранға өтпек болған. Алайда шекараға жеткенде айдап келе жатқан малымызды басмашылар тартып алып кетеді. «Малсыз өзге жерде қалай күн көреміз?» деп, атам Ыдырыс Өзбекстанда қалуды жөн көрген екен. Біз өзге елде өмір сүрсек те, атам мен әжем бізді қазақы тәрбиемен өсірді, – деп еске алады кейіпкеріміз.

Балалық шағы ата-әжесінің тәрбиесінде өтті. Әжесінің қолөнерге баулуы, ұлттық дәстүрді дәріптеуі, атасының имандылыққа тәрбиелеуі – оның өмірлік ұстанымының қалыптасуына үлкен әсер етті.

– Біздің үй кішкентай фабрика сияқты еді. Кесте тігіп, шұлық тоқып, киім пішіп, кілем тоқуды үйрендік. Қазір ойласам, ол – нағыз ана мектебі екен, – дейді Назипа Ыдырысқызы.

Белсенді студенттік шақ



Қоғамдық белсенділік оның бойында мектеп қабырғасынан қалыптасты. Пионер ұйымының төрайымы, кейін комсомол хатшысы болды.

Мектеп бітірген соң өнер саласына жолдама алғанымен, өз таңдауын техникалық мамандыққа тоқтатып, Қазақ химия-технологиялық институтының силикат факультетіне оқуға түседі.

– Студенттік өмірдің ең ыстық естелігі – №5 жатақхана. Достар, сабақ, қоғамдық жұмыстар – бәрі ерекше кезең болды, – дейді ол.



Институт қабырғасында жүріп те белсенді студенттердің қатарынан табылды. Комсомол комитетінде жұмыс істеп, факультет өмірінің бел ортасында жүрді. Сонымен қатар, өнерден де қол үзбей, студенттік фестивальдерде ән айтып өнер көрсетті.

Ұстаздарының талапшылдығы мен білімге деген жауапкершілігі әлі күнге дейін жадында.

– Бірде-бір оқытушы бізге «қарапайым маман боласың» деп айтқан емес. Керісінше, «үлкен зауыт басқарасыңдар» деп сенім артатын. Сол сенім бізді шыңдады, – дейді түлек.

Назипа Шанаи техникалық білімнің оның өмірлік көзқарасын қалыптастырғанын ерекше атап өтті.



– Техникалық мамандық логиканы, нақты шешім қабылдауды үйретеді. Батыл болуым мен аналитикалық ойлауым – институт берген білімнің арқасы, – дейді ол.

Ұлт болашағы үшін ашылған алғашқы қазақ сыныбы

Оқу бітірген соң жолдамамен Қарағанды облысына жұмысқа жіберіледі. Алғашында мамандығы бойынша еңбек етеді. Кейін қазақ тілін терең меңгеру мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде сырттай білім алады.

Саран қаласында тұрған жылдары қазақ тілінің жағдайына алаңдап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

– Сол кезде қалада қазақтар өте аз болды. Балам қазақша білім алуы үшін қазақ сыныбын ашу керек екенін түсіндім, – дейді ол.

Осылайша, 1991 жылы 12 баланы жинап, алғашқы қазақ сыныбының ашылуына мұрындық болады. Кейін мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарды.

Мемлекеттік қызмет пен қоғамдық миссия

1997 жылы Қарағандыға көшіп, Қарағанды қаржы институтында проректор қызметіне дейін көтеріледі. Кейін тіл саясаты саласына шақырылып, мемлекеттік қызметке келеді.

2005 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетіне қызметке шақырылып, шетелдегі қазақтарды қолдау бағдарламасымен айналысты. Ал 2008 жылдан бастап ҚР Президенті Әкімшілігінде ұзақ жылдар еңбек етті.

– Бағытты мен таңдаған жоқпын – жұмыс мені таңдады, – дейді ол.

Бүгінде Назипа Шанаи қоғамдағы аналардың рөлін арттыру, ұлттық құндылықтарды сақтау бағытында ауқымды жұмыс жүргізіп келеді.

– Әр ананың миссиясы – еліне адал азамат тәрбиелеу. Біздің мақсатымыз – қазақ ұлтының болмысын сақтап қалу, – дейді қоғам қайраткері.

Қазіргі таңда ол 16 мыңнан астам ананың басын біріктірген Республикалық Аналар кеңесін басқарады.



Ең үлкен байлық – отбасы

Назипа Ыдырысқызы өмірдегі басты тірегі отбасы екенін ерекше айтады.

– Қандай қиындық болса да, арқа сүйерім – отбасым. Екі ұлым, келіндерім – менің ең жақын достарым. Отбасы берік болса, алынбайтын қамал жоқ, – дейді ол.

Өзінің ең үлкен жетістігі ретінде немерелі болғанын және тәрбиелеген ұрпағының елге қызмет етіп жүргенін мақтанышпен айтады.

Еңбек жолы мен марапаттары

Назипа Шанаи әр жылдары:

Қарағанды қаржы институтының проректоры;

Қарағанды облысы әкімдігінің тіл саясаты бойынша бас маманы;

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің басқарма бастығы;

ҚР Президенті Әкімшілігінің қызметкері;

ҚР Премьер-Министрі орынбасарының кеңесшісі қызметтерін атқарды.



Қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі еңбегі үшін:

«Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері»,

«Ерен еңбегі үшін» медалі,

«Құрмет» ордені,

ҚР Президентінің Алғыс хаты,

«Ел бірлігі» орденімен марапатталған.



Альма-матерге тағзым

Жуырда Назипа Ыдырысқызы университетімізге арнайы келіп, профессор-оқытушылар құрамымен, университет Аналар кеңесі мүшелерімен, студенттермен және курстастарымен кездесті.

Кездесуде университеттің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Бейсенбаев оқу орны әр түлегімен мақтанатынын айтып, қоғамдағы келісім мен отбасы құндылықтарын нығайту жолындағы еңбегіне сәттілік тіледі.

Кездесу барысында қоғам қайраткеріне “Әуезов” және “Түлектер” төсбелгілері табысталып, университет түлектері қауымдастығының қатарына қабылданды.

Назипа Шанаи студенттік жылдарын сағынышпен еске алып, жастарды адал еңбек етуге, ел дамуына үлес қосуға шақырды.

Іссапар аясында қонақ Мұхтартану орталығында, университет мұражайында, ғылыми оқу залдарында, Arizona State University филиалында және телестудияда болды.

Бұл кездесу – жастарға өнеге болатын өмір жолын насихаттап, ұрпақтар сабақтастығын дәріптеген тағылымды басқосу болды.



Көне өнердің көкжиегін кеңейткен ұстаз



Қазақтың ұлттық қолөнері – халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, салт-санасымен, рухани дүниесімен біте қайнасқан асыл мұра. Әр оюдың астарында тарих, әр өрнектің бойында ұлттың үні жатыр. Бабадан балаға жалғасқан бұл өнер – қазақ болмысының айнасы, даланың дархан мінезін, аналардың ақ саусағынан тамған шеберлікті бүгінге жеткізген қастерлі қазына.

Осындай ұлттық өнерді ұлықтап, көне дәстүрге жаңаша тыныс беріп жүрген жандардың бірі – Қазақстан Республикасы Қолөнер шеберлері одағының мүшесі, талантты қолөнерші Гүлнар Жолдасбекова.

Өнердің бастауы – әже мұрасы, ана тәлімі

Гүлнар Дәуренбекқызы ұлттық өнерді ұлықтап, осы бағытта отыз жылдан астам уақыт табысты еңбек етіп келеді. Бүгінде ол М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан уни-

ойып отыратын. Көзімді ашқалы көргенім – өрмек, жіп, бояу, ою. Сол орта мені өнерге жетеледі, — дейді шебер.

Өнерге деген құштарлық жетегімен Гүлнар Дәуренбекқызы 1989 жылы М. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының Көркем сурет және графика факультетіне оқуға түсіп, сызу, бейнелеу өнері және еңбекке баулу мамандығын меңгерді. Бүгінде ол талай шәкірттің талабын ұштап, ұлттық мұраны жаңғырту жолында қажырлы еңбек етіп келеді.



Қазақ қолөнері қайта жаңғырып келеді

Гүлнар Жолдасбекова ҚР Қолөнер шеберлері одағының мүшесі ретінде республикалық және халықаралық көрмелерге тұрақты қатысып келеді. Жуырда ғана Тәжікстан мен Үндістанда өткен мәдени іс-шараларға қатысып, өз туындыларын шетелдік көрерменге таныстырған шебер қазақ қолөнерінің бүгінгі даму деңгейіне жоғары баға береді. — Қазір ұлттық өнерге деген қызығушылық артып келеді. Әсіресе киіз, текемет, сырмақ, алаша секілді көне өнер түрлері қайта жаңғырып жатыр. Құрақ көрпе жасау өнері де жаңаша сипат алып келеді. Бұл — ұлттық рухтың қайта оянуының белгісі, — дейді қолөнерші.

көпшілік назарына ұсынылды.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген университеттің қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Бейсенбаев әр туындының астарында үлкен еңбек пен терең мағына жатқанын ерекше атап өтті.

Ал «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы Медеубек Тәңірбергенов қолөнер адамның бойына төзім, талғам, сабыр мен сұлулыққа іңкәрлік дарытатынын айтып, шеберге шығармашылық табыс тіледі.

«Өмір ағашы» — ұрпақ сабақтастығының символы

Көрмеде көпшіліктің ерекше назарын аударған туындылардың бірі — «Өмір ағашы» атты сырмақ. Гүлнар Жолдасбекова бұл жұмысын дәстүрлі сырмақ сыру тәсілімен

верситеті жанындағы «Мәдениет және өнер» факультетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында магистр, аға оқытушы ретінде қызмет атқарып, жас ұрпаққа ұлттық өнердің қыр-сырын үйретіп жүр.

Түлкібас ауданының талантты тумасы қолөнерге деген қызығушылығының бала күннен бастау алғанын айтады. Оның сөзінше, өнерге деген сүйіспеншілік бойына әжесі мен анасынан дарыған.

— Ол кездегі әжелердің бәрі текемет басып, сырмақ сырып, киіз жасаған ғой. Мен де солардың ортасында өсіп, ұлттық өнердің тынысын сезініп ержеттім. Анам алаша тоқып, ауыл кілемдерінің оюын



«Біз өнерлі қыздармыз» — өнер мен өрнектің көрмесі

Жуырда университет қабырғасында Гүлнар Жолдасбекова мен шәкірттерінің шығармашылық жұмыстары қойылған «Біз өнерлі қыздармыз» атты көрме салтанатты түрде ашылды. Бұл көрме – ұлттық қолөнердің терең тамыры мен нәзік эстетикасын дәріптеген рухани кешке айналды.

Көрмеге алпысқа жуық туынды қойылды. Сырмақтардың сырлы оюы, кестелердің нәзік нақышы, gobelen мен паннолардың үйлесімі келген көрерменнің жан дүниесіне ерекше әсер сыйлады. Мұнда шұқыма кесте, түйінді кесте, түкті және тықыр кілемдер, текеметтер, сәндік паннолар мен шым ши жұмыстары да



дайындаған және бұл еңбекте ұлттық ою-өрнектің терең философиялық мәні көрініс тапқан. Туындыда бейнеленген «құсқанаты», «бітпес» секілді оюлар өмірдің мәңгілігін, ұр-



пақ сабақтастығы мен тіршіліктің үздіксіз жалғасын сипаттайды. — Әрбір жіптің қиылысы — ата-бабамыздың аманаты. Бұл туындыда өсіп-өркендеу, өмірдің жалғаса беруі деген терең мағына жатыр, — дейді шебер. Көпшіліктің ықыласына бөленген туындылардың тағы бірі — «Жібек жолы» атты киіз туындысы. Автор бұл еңбекте қазақ халқының көшпелі өмірін, байырғы өрнек мәдениетін,



ұлттық бояу мен тарихи үндестікті шебер үйлестірген.

Шәкірт жүрегіндегі ұлттық өнерге сүйіспеншілік

Көрменің әсерлі тұстарының бірі — арнайы ұйымдастырылған шеберлік алаңы болды. Мұнда қолөнершінің шәкірттері түкті кілем тоқу өнерін көпшілікке паш етті.

Солардың бірі — «Сәндік қолданбалы өнер» мамандығының 2-курс студенті Әсел Қойбағар.

— Бұрыннан қолөнерге қызығатынымын. Бірақ университетке түскен соң кілем тоқу өнеріне ғашық болдым. Әр өрнектің өз тілі бар. Тоқыма жұмысы сабырды талап етеді, бірақ жаныңа тыныштық сыйлайды, — дейді жас талант.



Әселдің тоқып жатқан кілемі «Қарлығаш» деп аталады. Туындыда әйел өмірінің кезеңдері мен нәзік болмысы түрлі түстер мен белгілер арқылы бейнеленген.



Ұлттық өнер – ұлт рухының алтын арқауы

Гүлнар Жолдасбекованың айтуынша, бүгінде ұлттық өнерге қызығатын жастар қатары көбейіп келеді. Бұл — қазақы құндылықтың өлмегенінің, ұлт рухының әлсіремегенінің айғағы.

Расымен де, ұлттық өнерді дәріптеу — әр қазақтың бойындағы тектіліктің көрінісі. Ал Гүлнар Жолдасбекова мен оның шәкірттері сол қасиетті өнердің шырағын сөндірмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғап келе жатқан жандар.

Қазақтың кең даласындай дархан өнері барда, ұлттық рухтың тамыры ешқашан үзілмек емес.

В условиях стремительного развития экономики и повышения требований к качеству профессиональной подготовки особую значимость приобретает формирование компетентных специалистов в области бухгалтерского учета и аудита. В этом контексте достижения студентов становятся важным показателем эффективности образовательного процесса и уровня подготовки будущих кадров.



Гордость специальности: будущие бухгалтеры – призёры олимпиады



В Евразийском национальном университете имени Л.Н. Гумилёва 9-10 апреля 2026 года была проведена Международная олимпиада по бухгалтерскому учёту на тему «Трансформация бухгалтерского учёта: тенденции, вызовы и перспективы». В данном престижном научно-практическом мероприятии приняли активное участие студенты образовательной программы «6В04130 – Учет и аудит» нашего университета, продемонстрировав высокий уровень профессиональной подготовки.

В олимпиаде приняли участие следующие студенты:

Кан Светлана Вильгельмовна – группа ЭФ-24-7рс

Юмашина Тамара Викторовна – группа ЭФ-24-7рс

Мадалиев Фахриёр Хасанович – группа ЭФ-24-7р

По итогам олимпиады указанные студенты показали высокие результаты и заняли почётное 2-е место.

Данное достижение является ярким подтверждением их теоретических знаний, умения применять их на практике, а также высокого уровня научно-исследовательской подготовки. Кроме того, результат

свидетельствует об эффективности учебно-методической работы кафедры и профессионализме преподавателей.

Поздравляем победителей и желаем им дальнейших успехов, новых достижений, профессионального роста и высоких результатов в научной и практической деятельности.

В ходе олимпиадных испытаний участникам были предложены задания, охватывающие ключевые аспекты бухгалтерского учета, финансовой отчетности и налогообложения. Конкурсные задания требовали не только глубоких

теоретических знаний, но и умения оперативно анализировать информацию, принимать обоснованные решения и демонстрировать профессиональное мышление. Тамара и Светлана, Фахриёр успешно справились с поставленными задачами, подтвердив свою готовность к профессиональной деятельности.

Следует отметить, что достигнутый результат является закономерным итогом системной работы студентов, их высокой учебной мотивации и ответственности. Важную роль в подготовке сыграла и поддержка преподавательского состава, обеспечившего методическое сопровождение и создание условий для раскрытия потенциала обучающихся.

Тамара и Светлана проявляют такие значимые профессиональные качества, как внимательность, дисциплинированность, аналитический подход к решению задач и стремление к постоянному развитию. Эти характеристики являются основой формирования компетентного специалиста в сфере бухгалтерского учета.

Достижения студенток способствуют укреплению имиджа специальности и повышению её привлекательности среди абитуриентов. Их успех служит

примером для других студентов, стимулируя интерес к научно-исследовательской и профессиональной деятельности.

Уверены, что впереди у Тамары и Светланы новые профессиональные победы и достижения. Их успех – это не только личное достижение, но и значимый вклад в развитие и популяризацию бухгалтерской профессии.

Таким образом, подобные результаты подтверждают высокий уровень подготовки специалистов и являются предметом заслуженной гордости всей кафедры и высшей школы.

Как куратор, я искренне горжусь своими студентками и их достижениями. Полученный результат на Международной олимпиаде по бухгалтерскому учёту является заслуженным подтверждением их усердия, ответственности и высокого уровня профессиональной подготовки. Этот успех стал результатом целеустремлённости, настойчивости и глубокого интереса к выбранной специальности, и, безусловно, является важным этапом в их дальнейшем профессиональном становлении.

С.АХМЕТОВА,
Куратор группы
ЭФ 24-7рс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» жарлыққа қол қойып, қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мәселесіне ерекше назар аударды. Құжатта адами капиталды дамыту, жастардың зияткерлік әлеуетін күшейту, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және ұлттық әдеби мұраны кеңінен насихаттау бағытындағы маңызды міндеттер айқындалған.

Жастар таңдаған 10 кітап



Президент бастамасы кітаптың қоғамдағы орнын қайта жаңғыртып қана қоймай, жастардың рухани дамуына, ой-өрісінің кеңеюіне жаңа серпін берері анық. Бүгінде кітап — тек білім көзі емес, саналы ұрпақ қалыптастыратын рухани құндылыққа айналып отыр.

Қуантарлығы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде де кітапқа құштар жастардың қатары өте көп. Қазіргі студенттер арасында әлем әдебиеті мен қазақ прозасына, мотивациялық және психологиялық туындыларға деген қызығушылық жоғары. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында, 2025 жылдың қыркүйек айында Шымкент қаласында студенттер арасында оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Кітап оқитын ұлт» жобасының «Кітап оқитын университет» бағыты пилоттық форматта іске қосылған болатын. Ауқымды жобаға Әуезов университетінің 2 мыңнан астам студенті белсене қатысып, қысқа мерзім ішінде 15 мыңнан астам кітап оқып шықты. Бұл — жастарымыздың рухани кемелденуге деген зор талпынысының айқын көрінісі.

«Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында жоғары нәтиже көрсеткен М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің ең белсенді студенттері, «Ақиқат» пікірсайыс клубының мүшелері Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков тарапынан арнайы марапатталып, құрметке ие болды.

Жеңімпаздар:

I орын — М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, «Nomad» командасы

- * Қанадилаев Азамат
- * Аймахан Ерасыл

II орын — М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, «Алмас қылыш» командасы

- * Аселя Арманқызы
- * Қазақпай Амира

Орыс лигасы бойынша:

I орын — «Денискины рассказы» командасы

- * Умнов Денис
- * Абилкасим Дарина

II орын — «Мертвые души» командасы

- * Потаренко Денис
- * Евлантьев Ярослав

Барша жеңімпаздарды құттықтаймыз!

Жастардың кітапқа деген осы жоғары ықыласын қолдау мақсатында, біз университет-

тің кітапсүйер студенттері ұсынатын таңдаулы туындыларды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Төменде «Журналистика» мамандығының 4-курс студенті Дастан Андақұл өзінің жүрегіне ерекше әсер қалдырған, әрбір замандасы оқуға тиіс 10 таңдаулы кітапты кеңес ретінде ұсынады. Ол кітап оқуды өмірін өзгерткен маңызды қадамдардың бірі деп санайды.


— Мен үшін кітап оқу — өмірімді жаңа арнаға бұрудың бастамасы, болашаққа бастар алтын көпір. Адамның кемелденуі, тұлға ретінде қалыптасуы үшін жан-жақты даму аса маңызды. Қазіргі таңда әр күнімді кітаппен байланыстырып жүргеніме еш өкінбеймін», — дейді ол. Ендеше, ол соңғы уақытта оқыған кітаптарына қысқаша шолу жасап, өзіне ерекше әсер қалдырған туындылармен бөліседі:

1. «Бейсен және болмыс»

Адам өмірінің мәні, болмыс пен ішкі ізденіс терең қозғалған. Кейіпкердің ой-толғаныстары арқылы өмірдің өткіншілігі мен адамның өзін табу жолы көрсетіледі. Адам ең алдымен өзін түсініп, өмірдегі орнын айқындауы керек екенін ұқтым.



2. «Өзбекәлі және мәдени майдан»



Кітапта Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық мәдениетті сақтаудағы еңбегі, руханият жолындағы күресі баяндалады. Ол қазақтың салт-дәстүрін жаңғыртуға үлкен үлес қосқан тұлға ретінде ашылады.

3. «Түн ортасындағы кітапхана»

Бұл роман басты кейіпкердің өміріндегі түрлі таңдау жолдарын басқа қырынан көруге мүмкіндік береді. Әрбір шешімнің өз салдары бар екені, ал балама өмірлердің де мінсіз емес екені көрсетіледі. Қандай жағдай болса да, өз өміріңді қабылдап, бағалай білу маңызды.



4. «Ай мен Айша»

Шығармада соғыс кезіндегі қиындықтар, ана мен бала арасындағы байланыс, сағыныш пен төзім әсерлі суреттеледі. Ана бейнесі арқылы мейірім мен қайсарлық көрінеді. Қазақтың Шер ағасының болмысы айқындала түседі.

5. «Қызыл жебе»

Романда Тұрар Рысқұловтың өмір жолы, оның әділдік үшін күресі мен қайсарлығы баяндалады. Тарихи кезеңдер арқылы ел тағдыры көрініс табады.



6. «Қарғын»

Бұл шығармада адам жанының ішкі қайшылығы, махаббат пен тағдыр арасындағы күрес суреттеледі. Адам өмірінде сезім мен ақылдың тепе-теңдігі маңызды екенін түсіндім.

7. «Волоколоск тас жолы»

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қиын кезең, батальон командирі Бауыржан Момышұлының қаһармандығы мен әскери тактикасы суреттеледі. Шығарма шынайылығы және психологиялық тереңдігімен ерекше.



8. «Ақиқат пен аңыз»

Бұл кітапта Бауыржан Момышұлы туралы аңыз емес, оның адами болмысы да үлкен тәрбие береді.

9. «Қанмен жазылған кітап»

Бұл шығармада соғыс жылдарындағы хаттар, естеліктер мен ауыр тағдырлар арқылы майдан шындығы. Оқиғалар жақыннан сезілетіндей эмоционалды және өткір.



10. «Көк мұнар»

Қазақ прозасындағы Мұхтар Мағауиннің жазған бұл романы өте ерекше. Оқыған әр оқырман көз майын тауыса оқитынына еш күмән жоқ. Ғылым жолына түскен аспирант Едігенің бейнесі ашық суреттеледі.

Студент жастар ұсынған әсерлі шығармалар топтамасымен танысып, өзіңізге жаңа кітап таңдауға мүмкіндік алыңыз. Кітап — адам жанын байытатын, ойға ой қосатын рухани қазына.

Қандастарға қолдау: Мәселе мен мүмкіндік

Қазақстан – тарихи отанына оралған этникалық қазақтар үшін құшақ жайған мемлекет. КСРО ыдырағаннан кейінгі жылдары еліміз тәуелсіздігін алған соң, шетелдегі қазақтарды елге қайтару мақсатында арнайы көші-қон саясатын жүзеге асыра бастады. Бұл саясат аясында шетелде тұратын этникалық қазақтар «оралман» (қазіргі атауы – «қандас») мәртебесін алып, Қазақстан азаматы атануға мүмкіндік алды. 2020 жылы Қазақстанда «оралман» термині ресми түрде «қандас» деп өзгертілді. Бұл өзгеріс этникалық қазақтардың елге оралуын қолдайтын саясаттың жалғасып келе жатқанын көрсетті.

Қаншама нәубет жылдардан арылмай, көзін енді ашқан қазақ елі үшін ең басты мәселе – халық санының артуы еді. Сондықтан 2008 жылы “Нұрлы көш” бағдарламасы арқылы отандастарымызды елге қайтару ісі жүзеге асырыла бастады.

Бастама тек көшірілумен ғана емес, қандастарымыздың ана тілінің сақталуына, яғни қандастарымыздың қазақ тіліне деген құштарлығын ояту бастамасын қамтамасыз етті. 2019-2020 оқу жылында Ресей Федерациясына, Моңғолияға, Францияға, Мысырға, Литваға, АҚШ-қа, Таиланд пен Малайзияға 28 618 гуманитарлық бағыттағы оқулықтар жіберілген болатын. Бірақ көп елдерде бұл бастаманың Сыртқы істер министрлігінің сұранысына сай емес екенін айтып, оқулықтарды қабылдаудан бас тартты. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік қаржыға жіберілетін кітаптар шетелдіктер үшін бейімделме-

ген болатын.

Қолдау көрсету бағытында жіберілген оқулықтар шетелдегі қандастарымыз үшін маңызды рухани көпір болуы тиіс еді. Алайда олардың мазмұны мен құрылымы жергілікті ортаға бейімделмегендіктен, көп жағдайда күткен нәтижеге қол жеткізе алмады. Тілді жаңадан үйреніп жүрген немесе аралас ортада өсіп келе жатқан қазақ жастары үшін бұл оқулықтар ауыр әрі түсініксіз болды. Соның салдарынан, ана тіліне деген қызығушылықты арттырудың орнына, керісінше, салқын көзқарас қалыптасу қаупі туындады. Сондықтан болашақта мұндай бастамаларда оқулықтардың мазмұнын жеңілдетіп, оны заманауи әдістермен, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып дайындау аса маңызды.

Қазіргі таңда шетелде шамамен 5-6 млн қазақ тұрады делік. Бізге жеткен хабарларда қандастарымыздың жағдайын “шетелде қа-

зақтар өз мүддесін қорғай алады, өздерінің жеткілікті мүмкіндіктері бар” деп қана жаба алады. Алайда кейбір архивтегі мәліметтерге сүйенсек, тіпті шетелдік қазақтардың санын да анық біле алмайтынымызға көз жеткіземіз. Келтіріліп отырған мәліметтердің көбі 10-15 жыл бұрынғы ақпараттар. Одан кейін қандастарымыз жайында ешбір мәлімет жаңартылмапты. Әрине, басқа мемлекеттің саясатына араласқанымыз дұрыс емес. Алайда қандастарымызды елге қайтару мемлекеттің басты мақсатына айналуы тиіс.

Сондықтан шетелдегі қазақтармен байланысты күшейту мақсатында арнайы заманауи ақпараттық база құрылып, олардың саны, әлеуметтік жағдайы, білім деңгейі мен тілдік ортасы туралы деректер үнемі жаңартылып отыруы қажет. Сонымен қатар,

қандастарға арналған тіл үйрету платформаларын дамыту, онлайн курстар мен бейімделген оқулықтарды көбейту маңызды. Елге оралғысы келетін азаматтарға құжат рәсімдеу, баспана және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша жеңілдіктер қарастырылса, бұл олардың тарихи Отанына деген сенімін арттыра түсер еді. Осындай нақты қадамдар арқылы ғана Қазақстан шетелдегі қазақтармен рухани байланысты нығайтып, ұлттық бірлікті күшейте алады.



Ж.НҰРЛАН,
ФИ-23-11к1 тобының 3 курс студенті

А.МУСИРОВА,
Журналистика және қазақ тілі кафедрасы аға оқытушысы

Заң және тәртіп

«Таза Қазақстан» – Заңға бағынған ұрпақ тәрбиесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысуымен жарияланған стратегиялық маңызы зор үндеуде еліміздің болашақ даму бағдары айқындалып, қоғам өміріндегі басты құндылықтар ретінде «Таза Қазақстан» қағидаты мен «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының мәні ерекше атап өтілді. Президент көтерген бұл бастамалар азаматтық жауапкершілікті арттыруға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және жастар тәрбиесіне жаңа серпін беруге бағытталған.



Осыған орай «Механика, машина жасау және мұнай-газ ісі» факультетінің «Техникалық мамандықтар үшін жоғары математика және физика» кафедрасының ұйымдастыруымен топ тәлімгерлері мен студенттері арасында «Таза Қазақстан – заңға бағынған ұрпақ» тақырыбында мазмұнды тәрбие сабағы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрмет сезімін қалыптастыру және қоғам алдындағы жауапкершілігін нығайту. Тәрбие сағаты барысында студенттер заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту, қоршаған орта тазалығы мен рухани мәдениетті сақтау мәселелері төңірегінде пікір алмасты.

Кездесуге арнайы қатысқан Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің №56 мемлекеттік мекемесінің заңгері Даненов Нұрлан Кеңесбекұлы өз тәжірибесімен бөлісіп, құқық бұзушылықтың алдын алу, жастар арасында заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру жөнінде тағылымды әңгіме өрбітті. Ол студенттерге заңды құрметтеу – саналы қоғамның басты белгісі екенін атап өтіп, әр азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігі жоғары болуы керектігін жеткізді. Ол өз сөзінде: «Заңды құрметтеу – әр азаматтың міндеті. Тәртіп пен жауапкершілік бар жерде ғана қоғам дамиды», – деп атап өтті. Сонымен қатар, ол қызмет барысында кездескен нақты

мысалдар арқылы заң талаптарын сақтамаудың қандай салдарға әкелетінін түсіндірді. Іс-шараға қатысқан ММГ-25-1к1 тобының студенттері де белсенділік танытып, «Таза Қазақстан» тақырыбына қатысты өз ойларын ортаға салды. Студенттердің пікірінше, «Таза Қазақстан» – бұл тек қоршаған ортаның тазалығы ғана емес, сонымен қатар әр адамның ішкі мәдениеті, тәртібі мен заңға деген құрметі. Олар қоғамда тазалық пен тәртіпті сақтау әрбір азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс екенін атап өтті.

Іс-шара барысында студенттер мен қонақ арасында ашық диалог орнап, өзекті сұрақтар талқыланды. Бұл кездесу жастарға үлкен ой салып, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етті.

Қорытындылай келе, «Таза Қазақстан – заңға бағынған ұрпақ» тақырыбындағы бұл тәрбие сабағы студенттер үшін тағылымы мол, мазмұнды кездесу болды. Мұндай іс-шаралар жас ұрпақты саналы, жауапкершілігі жоғары, заңды құрметтейтін азамат етіп тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

З.АБСАМАНОВА,
«Техникалық мамандықтар үшін жоғары математика және физика» кафедрасының аға тәлімгері
Н.ТОШБОЛТАЕВА., А.БӘКІРЖАНҚЫЗЫ,
топ тәлімгерлері



Қазіргі таңда спорт саласында биік белестерді бағындырып жүрген жастардың қатары артып келеді. Солардың бірі – ЭФ 23-7К1 тобының студенті, талантты спортшы Сауле Алимбек. Ол оқ ату спорты бойынша үздік нәтижелерге қол жеткізіп, табандылығы мен қажырлы еңбегінің арқасында көптеген жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп жүрген жас чемпион.

Сауленің спортқа деген қызығушылығы бала кезінен басталған. Алғаш рет қолына мылтық ұстап, нысана көздеуді үйренген сәттен-ақ оның ерекше қабілеті байқалды. Уақыт өте келе тұрақты жаттығу мен тынымсыз ізденістің нәтижесінде мергендік шеберлігі шыңдалып, аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізе бастады.

Оқ ату спорты – үлкен сабырлықты, дәлдікті және темірдей төзімді талап ететін күрделі спорт түрі. Сауле осы қасиеттердің барлығын бойына сіңіріп, әр жарысқа үлкен жауапкершілікпен дайындалады. Оның айтуынша, жеңістің басты кілті – еңбекқорлық пен өз күшіңе деген сенім.

2026 жыл Сауле үшін табысты жылдардың бірі болды. Ол Азия чемпионатында Үндістанда өткен жарыста 4-орынды иеленсе, Қазақстан Республикасы чемпионатында екі мәрте жүлделі орындарға қол жеткізіп, 1-орын және 2-орын иегері атанды. Сонымен қатар «Алтын мерген» турнирінде 3-орынға ие болды. Ал Германияда өткен Әлем чемпионатында 5-орынды иеленіп, ел намысын халықаралық деңгейде абыроймен қорғады.

Сауле Алимбек тек спортта ғана емес, оқу үлгерімімен де ерекшеленеді. Ол білім мен спортты қатар алып жүріп, өз қатарластарына үлгі болып келеді. Ұстаздары мен достары оны сабырлы, жауапкершілігі

Мерген қыздың мәртебелі жолы



жоғары, мақсатшыл әрі еңбекқор студент ретінде бағалайды.

Бүгінде Сауленің жетістіктері оқу орнының мақтанышына айналып отыр. Оның жеңістері көптеген жас спортшыларға жігер беріп, биік мақсаттарға ұмтылуға шабыттандырады. Болашақта да ол халықаралық аренада Қазақстанның көк туын биікте желбіретіп, ел ме-

рейін үстем етеді деген сенім мол. Мерген қыз Сауле – қайсарлық пен табандылықтың жарқын үлгісі. Осындай дарынды да талапты жастарымыздың қатары көбейе берсін!

К.АТЕНОВА,
ЭФ 23-7К1 топ тәлімгері

Әлемдік аренадағы айбынды жеңістер!

Спорттағы жетістіктер мұнымен шектелмейді. Әуезов университетінің қоржыны халықаралық деңгейдегі жарыстарда топ жарған тағы екі студенттің жарқын жеңістерімен толықты.

Сербияның Белград қаласында өткен бокстан «Belgrade Winner-2026» халықаралық турнирінде Қазақстан ұлттық құрамасы жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін үстем етті. Сол жеңісті жолда «Спорт және туризм» факультетінің ЮМ-24-1к9 тобының студенті Нұрасыл Төлебек те ерекше көзге түсті.

60 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Нұрасыл турнир барысында төрт жекпе-жек өткізіп, барлығында қарсыластарынан басым түсті. Ол ширек финалда канадалық Ааян Кхокарды 5:0 есебімен, жартылай финалда армениялық Эрик Арстамянды 4:1 нәтижесімен жеңіп, финалға жолдама алды. Шешуші кездесуде кубалық Луис Энрике Винсентті 5:0 есебімен айқын ұтып, халықаралық турнирдің чемпионы атанды.



Ал Түркияның Анталья қаласында 2026 жылдың 13-15 мамыры аралығында өткен джиу-джитсудан әлем чемпионатында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Спорт және туризм» факультетінің Ст-23-3к8 тобының студенті Өтепберген Мирзабеков ел намысын абыроймен қорғады. Байрақты бәсекеде жоғары шеберлік көрсеткен жас спортшы қола жүлдеге ие болды.

Әлемдік додаларда жеңіс тұғырынан көрінген бұл қос студент – университеттің спорттағы әлеуетін айқын дәлелдеп, оқу орнының абыройын асқақтатқан жас чемпиондар.



Жер қыртысында металдар әртүрлі түрде кездеседі. Көптеген металдар табиғатта қосылыс күйінде болады. Тек белсенділігі төмен мыс, күміс, алтын, платина сияқты металдар ғана бос күйінде ұшырасады. Ал белсенді металдар көбіне тұздар, оксидтер, сульфидтер және силикаттар түрінде таралған. Металл өндіруге жарамды минералдар кендер деп аталады. Егер кен құрамында бірнеше металл кездессе, олар полиметалл кендері деп аталады.

Металдар мен құймаларды алу



Қазақстан пайдалы қазбаларға өте бай мемлекеттердің бірі. Ел аумағында қорғасын, мырыш, мыс, темір, алтын және басқа да металдардың мол қоры бар. Әсіресе Кеңді Алтай өңірінде 900-ге жуық полиметалл кен орындары анықталған. Жезқазған өңірінде мыс, қорғасын, мырыш, никель, кобальт және марганец кендері кездеседі. Қаратау жоталарында қорғасын, мырыш, ванадий және темір кендері мол. Қазақстандағы кен орындарын зерттеуге академик Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдар үлкен үлес қосты.



Металл өндірісі шоғырланған аймақтар

Еліміздегі металл өндірісі белгілі аймақтарда шоғырланған.

Мысалы, қорғасын мен мырыш (Pb, Zn) Текелі, Малеевск, Ащысайда өндіріледі. Хром (Cr) Ақтөбе облысындағы Хромтауда, темір кендері (Fe) Қарағанды, Рудный, Соколов-Сарыбай, Лисаковск аймақтарында орналасқан. Ал алтын (Au) Бақыршық, Майқайың, Жітіқара кен орындарынан, қорғасын-мырыш,

титан-магний комбинаттары (Mg, Ti, Zn, In, V, Ta, Nb) Өскемендегі кен орындарынан алынады.

Металлургия саласы

Кеннен металдарды бөліп алу ісімен металлургия өнеркәсібі айналысады. Металлургия – табиғи шикізаттардан металдарды өнеркәсіптік жолмен өндіру әдістерін зерттейтін ғылым мен өндіріс саласы. Бүгінде металлургия адамзатқа 75-тен астам таза металл және мыңдаған құйма түрлерін беріп отыр.

Металлургия қара және түсті металлургия болып бөлінеді. Қара металлургия темір мен оның қорытпаларын өндіреді. Ал қалған металдардың өндірісі түсті металлургияға жатады. Қазақстандағы ірі қара металлургия кәсіпорындарына Теміртау металлургия комбинаты, Ақтөбе ферроқұйма зауыты және Соколов-Сарыбай тау-кен комбинаты кіреді.

Қазіргі кезде металдарды алудың бірнеше әдісі қолданылады. Соның бірі – гидрометаллургия. Бұл әдісте металдар олардың тұз ерітінділерінен тотықсыздандыру арқылы алынады. Мысалы, мыс сульфатын мырышпен әрекеттестіріп, таза мыс алуға болады.

Пирометаллургия әдісінде металдар жоғары температурада тотықсыздандырылады. Бұл әдісте көміртек, алюминий, сутек сияқты

тотықсыздандырығыштар қолданылады. Темір, хром, марганец, титан сияқты металдар осылай өндіріледі.

Электрометаллургияда металдар электр тогының көмегімен алынады. Сілтілік металдар мен алюминий балқымалардың электролизі арқылы өндіріледі. Бұл әдіс қазіргі өндірісте кеңінен қолданылады.

ПОДТЕМА: Құймалар және олардың түрлері

Құймалар – екі немесе одан да көп компоненттен тұратын, негізгі бөлігі металл болатын материалдар. Олар қара және түсті құймалар болып бөлінеді. Шойын мен болат – қара құймаларға, ал қола, жез, дюралюминий – түсті құймаларға жатады. Құймалар таза металдарға қарағанда берік, төзімді және ұзақ сақталады.

Құймалар құрылымы бойынша механикалық қоспаларға, қатты ерітінділерге және химиялық қосылыстарға бөлінеді. Өндірісте оларды құм-балшық қалыптарға, металл қалыптарға, қысыммен немесе ортадан тепкіш әдіспен құяды.

Қазақстандағы құйма өнері

Қазақстанда құйма өнерінің тарихы өте терең. Соның жарқын мысалы – Түркістандағы Тайқазан. Ол 1399 жылы Әмір Темірдің тапсырмасымен Қарнақ елді мекенінде құйылған. Тайқазан жеті түрлі металдың (мырыш, жез, қола, қорғасын,

мыс, күміс, темір) қоспасынан жасалған. Оның салмағы 2 тонна, сыйымдылығы 3000 литрге жуық. Бұл тарихи жәдігер қазақ жеріндегі металл өңдеу өнерінің жоғары деңгейін көрсетеді.



Сонымен қатар еліміз аумағынан табылған қола бұйымдар, қару-жарақтар, әшекейлер мен тұрмыстық заттар көне металлургияның дамығанын дәлелдейді. Бүгінде олар тарихи мұражайларда сақталған.

Қорыта айтқанда, металдар мен құймалар – өнеркәсіп пен техниканың негізгі тірегі. Оларды өндіру мен өңдеу экономиканың дамуына үлкен үлес қосады. Қазақстанның табиғи байлығы мен металлургия саласы елдің өндірістік қуатын арттырып келеді.

А.ЖАКАНБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің химия пәні
оқытушысы

Болашаққа бастар бағдар: «Жас маман – 2026» жәрмеңкесі өтті

Студенттің табалдырықты аттаған алғашқы күнінен бастап, қолына диплом алып, жұмысқа орналасқан сәтіне дейін үздіксіз қолдау көрсететін бірегей құрылым бар. Ол — Жұмысқа орналастыру және құзыреттілік орталығы. Бүгінде бұл орталық жас мамандардың кәсіби дамуы мен еңбек нарығына бейімделуінің алтын көпіріне айналып отыр. Жастарды жұмыспен қамтуда ауқымды қызмет атқаратын орталықтың ұйымдастыруымен жақында университетте дәстүрлі «Жас маман – 2026» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жоғары деңгейде өтті.

Бүгінде орталық студенттер мен түлектерді жұмыспен қамту бағытында ауқымды қызмет атқарады. Атап айтқанда, жас мамандарды жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламалар мен гранттарға қатысуға бағыт беру, түрлі тренингтер, семинарлар, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Сонымен қатар өндірістік және кәсіби практикаларды үйлестіру арқылы студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға ерекше мән беріледі.

Орталық түлектер қауымдастығымен де тығыз байланыс орнатып, университет пен түлектер арасындағы әріптестікті нығайтуға ықпал етуде. Жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында upgrade курстары мен қайта даярлау бағдарламалары ұйымдастырылып, кәсіби біліктілікті жетілдіруге мүмкіндік жасалуда.

Осы бағыттағы ауқымды шаралардың бірі – дәстүрлі «Жас маман – 2026» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі. Биылғы жәрмеңке жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оған 150-ден астам мекеме қатысты. Атап айтқанда, мемлекеттік ұйымдар, өндіріс орындары, кәсіпорындар, білім беру мекемелері мен түрлі сала өкілдері жас түлектерге бос жұмыс орындарын ұсынды.

Іс-шара барысында университеттің 4 және 5 курс студенттері жұмыс берушілермен тікелей



кездесіп, өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алды. Сонымен қатар түлектер түйінде-мелерін тапсырып, болашақ мансаптарына алғашқы қадам жасау мүмкіндігіне ие болды.

Биыл университетті 4920 түлек тәмамдайды. Бұл – ел экономикасының түрлі саласына жол тартатын білікті жас мамандардың үлкен легі. Сондықтан әрбір түлектің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына жағдай жасау – университеттің негізгі міндеттерінің бірі. Осы мақсатта жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнату жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда.

Жәрмеңке соңында ұйымдастырушылар қатысушылар арасында ұтыс ойынын өткізіп, белсенді түлектерге бағалы сыйлықтар табыстады. Сондай-ақ «Виньетка-79» жобасына қолдау көрсеткен кафедра меңгерушілері арнайы «Алғыс» хаттарымен марапатталды.

Мұндай маңызды кездесулер университет пен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, жас мамандардың кәсіби бағдарын айқындауға, тәжірибе жинақтауына және нәтижелі жұмысқа орналасуына зор мүмкіндік береді.

